

## Хаттамасы №1

Күні: 26.08.2025 жыл

**Қатысқандар:** Г.С.Алиева - құқықтық кеңестің төрағасы, мектеп директоры, А.Каепов – төраға орынбасары, ТІЖО, Д.Арингазина – мектеп психологі, А.Жумабаева – әлеуметтік педагог, Л.Жумабаева – мед.бике, Г.Камсаева – Қосшы қаласы кәселетке толмағандар жөніндегі учаскелік полиция инспекторы, Умарова Ж – мектеп парламенті президенті.

**Қатыспағандар:** 0

**Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:**

1. Құқықбұзушылықтың алдын алу 2025-2026 оқу жылындағы Кеңес отырысының жұмыс жоспарын жасап, талқылау, бекіту.
2. Ұйымдастырушылық мәселелері.

**Тыңдалды:**

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Каепов сөз алды.

Оқушылардың құқықтық білімдерін тексеру мақсатында құқық қорғау органдарының мамандарымен жиі кездесу жиналыстарын, зиянды заттар мен маскүнемдік және қылмысқа қарсы күрес жөніндегі тақырыптарға байланысты ашық сағаттар, сайыс, т.б шаралардың көбірек болуына көңіл аудару керектігін баса айтып өтті.

Ол өз сөзінде отбасы тәрбиесінің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі ояңған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, білімді азаматты тәрбиелеу. Бала да жас терек сияқты, қалай тәрбиелесең, жастан қандай тәрбие берсең, ертең есейгенде жас кезіндегі алған тәрбиесі өміріне негіз болмақ. Ата-ана бала қауіпсіздігін сақтауды ең бірінші орынға қою керек.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Каепов сөз сөйледі.

Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәметке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу, сондай-ақ, неше түрлі зиянды заттарға әуестенбеуін қадағалау. Кәметке толмаған жасөспірімдер арасындағы заңға енген өзгерістер туралы баяндамасында айтып өтті. Оқушылардың себепсіз сабақтан қалмауын ата-аналарына ескерту керектігін айтып өтті.

Сонымен бірге Кеңес мүшелерімен таныстырып өтті.

1. Г.С.Алиева - құқықтық кеңестің төрағасы, мектеп директоры.

2. А.Каепов – төраға орынбасары, ТІЖО

3. Д.Арингазина – мектеп психологі.

4. А.Жумабаева – әлеуметтік педагог.

5. Л.Жумабаева – мед.бике

6. Г.Камсаева – Қосшы қаласы кәселетке толмағандар жөніндегі учаскелік полиция инспекторы.

7. Умарова Ж – мектеп парламенті президенті.

8. Бекетанова Н – мектеп тәлімгері (хатшы). Қылмысқа қарсы күрес жөніндегі кәметке толмаған балалардың құқығы жөнінде құқық қорғау органдарымен кездесу ұйымдастыру қатаң қолға алыну керектігіне тоқталды.

Тәртібінде ауытқуы бар қиын оқушылардың жанұясын зерттеу мектеп психологы мен сынып жетекшілеріне жүктелетіндігін, жат, келеңсіз жағдайлар кездескен жағдайды болдырмаудың жолын қарастыру мақсатында ішкі істер бөлімімен үнемі байланыста болу керектігіне тоқталды.

**Шешім:**

1. Өткен оқу жылындағы Кеңес жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Құқық Кеңесінің жұмыс жоспары және мүшелері бекітілсін.

3. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында түрлі іс-шаралар өткізіп, оқушыларды сыныптан тыс шараларға тарту.

Кеңес хатшысы:  Г.Н.Жакыбаева